



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Проанализировав сложившуюся в Казахстане ситуацию, мы можем выделить несколько целей для дальнейшего развития молодежной политики в стране:

1. Создание условий для самостоятельного решения молодежью своих проблем.
2. Поощрение и расширение возможностей для участия казахстанской молодежи или представителей от групп молодых людей в управлении делами общества и государства.
3. Препятствование излишнему присмотру за молодежными организациями, который может повлечь за собой стремление во всем рассчитывать на помощь других, а не на собственные силы.
4. Увеличение представительства молодежи в Советах по делам молодежи при акиматах областей, районов и городов.
5. Большая освещенность работы Советов по делам молодежи в СМИ.

В целом, государственная молодежная политика способна стать эффективной только тогда, когда она будет проводиться при активном участии самой молодежи.

#### **Список использованной литературы**

1. Закон «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» № 581, 7 июля 2004 года.
2. Аналитический доклад «Молодежь Казахстана-2009». - Астана, 2009.
3. Centre for Social and Political Studies 'Strategy' (2013).
4. Молодежь Казахстана – 2014. Доклад. Министерство образования Республики Казахстан, 2015.
5. Буканова З., Масатова Б. Общественно-политическое участие молодежи в контексте модернизации молодежной политики // Участие казахстанской молодежи в политике. – 2014.

УДК 63.321.96.(576)

### **САЯСИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Кумисов Нұржігіт Оналбаевич**

*[dana-phd@mail.ru](mailto:dana-phd@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» мамандығының 1 курс магистранты,  
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қ.Д.Жанпейісова

Саясаттану ғылымының көптеген мәселелерінің ішінде салыстырмалы саясаттану мәселесі маңызды орын алатындығын атап көрсеткен жөн. Салыстырмалы саясаттану немесе саяси компаративистика дегеніміз саяси ғылымдардың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ол әсіресе, ғылыми әдебиетте аз қамтылған, түрлі елдер мен мемлекеттердің, түрлі өңірлер мен халықтардың жалпы жағдаяттары мен ерекшеліктерін зерттейді.

Әрине, бір мақалада бұл проблеманың мәселелерін түгел қарастыру мүмкін емес. Сондықтан, бұл жұмыста саяси зерттеулердің салыстырмалы тәсілінің кейбір өзекті проблемалары ғана қарастырылады.

XX ғасырдың соңында және XXI ғасырдың басында әлемдік дамудың жаңа үрдістері айқындалып әлемнің әлеуметтік-саяси алуан-түрлілігі күшейген кезде салыстырмалы саясаттануда жаңа, тың өзгерістерді зерттеуге ұмтылыс жасау барысында оның қолданбалы сипаты басым бола түсті.

Салыстырмалы саясаттанудың негізі салыстырмалы тәсіл болып келеді. Оның көмегімен қандай да бір саяси құбылыстар мен процестердің қай топқа жататыны мен ерекшелігі айқындалады. Олардың даму үрдістері анықталады, болашаққа қажет сипатындағы түрлі нышандары мен үлгілері жасалады. Әлемде саясатты салыстыру аса ірі

ауқымда болып жатады. Осыған орай салыстырмалы зерттеулердің немесе салыстырмалы тәсілдердің қандай мәселе екенін ұғыну қажеттілігі туындайды. Мұнда бәрінен бұрын салыстырмалы зерттеудің өзі не деген сұрақ туындайды. Мәселен, қатысқан азаматтардың саны бойынша жекелеген саяси жүйелерді салыстыруға ұмтылыс жасалады. Мұндай жағдайда бұл жүйеге тартылған осы елдердің тұрғындарының санын белгілеу үшін демографиялық статистиканы қолдануға да болады. Алайда мұндай жүйенің сипатының мәні жөнінде бұл жеткілікті түсінік бере қоймайды. Дәл осы секілді жан басына шаққандағы табысы бойынша, әрбір мың адамға шаққанда қанша радио қабылдағыш пен теледидар келетіні бойынша т.с.с. жекелеген саяси жүйелерді дәл осылай салыстыруға болады. Әдетте мұндай сандар бұл ортадағы белгілі бір мағлұматты ұқтырғанымен, саяси жүйенің тікелей өзі жөнінде түсінік бере қоймайды.

Саяси жүйелерді уақыт бойынша және кеңістік бойынша немесе географиялық принцип бойынша салыстыруға болады. Мұның алғашқысы - адамның алғаш пайда болғаны, ежелдегі, дәстүрлі, қазіргі заманғы, ал екіншісі еуропалық, азиялық, африкалық, америкалық, латынамерикалық жүйелер және т.с.с. Салыстыруға мұнан өзге мысалдар мен нышандарды да алып айта беруге болады.

Алайда ең басты мәселе жиынтықтар мен жекелеген элементтерді тандап іріктеп ала отырып, салыстырылатын нәрселер сипатының белгілі бір мәнін жекелей немесе жиынтық түрінде сараптауға болады. Мысалы, саяси жүйелерді жіктеудің өзі өзінен-өзі салыстыру болып шығады. Алайда мұндай салыстыруды түрлі қырлары бойынша жүргізе беруге болады. Осындай көзқарас тұрғысынан қарастырғанда саясаткер-компаративистердің алдында ең басты мәселенің бірі — салыстырылуға тиіс қырларын, бір-бірімен салыстырылуға жататындарды білу қажет.

Осыған орай объективті болу үшін саяси салыстырулар белгілі бір ғылыми әдістемелік ережелердің талаптарына сай болуы тиіс. Мұны американың саясаттанушылары

Д. Мангейм мен Р. Рич былай деп нақты тұжырымдаған:

— зерттелетін мәселе компаративистерге бірінші кезектегі мәселе болуы үшін салыстыруға келерлік нақты бар параметрлерін салыстыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге тиісті болуы керек;

— сарапталуға барлық қолданылған өзгермелі шамалар эквивалентті мөлшерде болуы тиіс. Бұл зерттелетін барлық саяси мәдениет үшін ұғынықты болуы тиіс — мұның өзі баға беруде жаңсақтықтан сақтайды немесе қателесу мөлшерін азайтады;

• сарапталатын ел салыстырылуға жататындай мәдениеті болуы тиіс және мұның өзі нәтиженің объективті болуына айтарлықтай дәрежеде ықпал етеді;

• әрбір ел бойынша фактологиялық материалдарды бақылау мен жинақтау тәуелсіз сипатта жүргізілуі тиіс.

Аталған шарттар түрлі елдердің соның ішінде Қазақстанның да салыстырмалы саясаттануында қолданылатынын атап айту керек. Мұның өзі салыстырмалы саяси зерттеулердің әдістемелік шарттары секілді болып табылатын сияқты. Саясаттанудың қарастырылатын нышандары өзге де әлеуметтік және қоғамдық ғылымдардікі сияқты болып келеді, алайда, жаратылыстану ғылымынан өзгеше. Мысалы, химияда немесе физикада өзгермелі шамалардың бір-бірімен салыстырылуы лабораториялық зерттеулер жасауға және оны қайталауға мүмкіндік береді. Ал мұны әлеуметтік немесе саяси зерттеулерде қолдану мүмкін емес. Мұнда салыстыру тек қана шартты немесе жанама түрде болады. Міне, нақ сондықтан да М. Вебер өзінің дінді салыстыра зерттеуде капитализмнің пайда болған кезіндегі түрлі діндердің экономикалық қажеттерінің байланысын айқындауға тырысып, бұл мәселені осылай шешкен.

Саяси әлемнің шынайы мәнін түсіну үшін оның түрлерінің пайда болуын, аспектілерін зерттеп білу қажет. Ал мұның аспектілері түрлі мемлекеттерде, елдерде және өңірлерде, түрлі ұлттар мен халықтарда әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-тарихи жағдайларда және т.с.с. айқындалады. Осы қырынан қарастырғанда салыстырмалы сараптау нышандары ретінде саяси жүйелерді бүтіндей алып, олардың түрлерін, жіктерін және

алуандылығын салыстыра сараптауға болады. Алайда мұнда мемлекеттік институттар, заң шығарушы органдары, партиялар, партиялық және сайлау жүйелері, саяси әлеуметтану механизмдері т.с.с. мәселелерге тікелей мән берілуі тиіс.

Салыстырмалы тәсілді қолдану зерттеушінің көзқарасын кеңейтіп өзге елдер мен халықтардың тәжірибесін жемісті түрде қолдануға ықпал етіп, өзгелердің қателерінен сабақ алуға және мемлекеттік құрылыста «велосипедті қайта ойлап табу» қажеттілігінен арылуға ықпал етеді. Шығармашылық тұрғыдан қарастырсақ қазіргі Қазақстан саясаткерлерінің қоғамды реформалау және мемлекетті жетілдіру жағдайында мұндай тәсілді қолданғанда өзге елдердің ерекшелігін ескеріп, одан сабақ алып отыру үшін өте қажет.

Бүтінгі таңда саяси реформа, шын мәнінде, аса ауқымды сипатқа ие болды. Мұның өзі тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемдегі қоғамның даму тәжірибесіне мұқият сараптау жасаудың барған сайын өзекті бола түскенін ұқырса керек. Мұндай қызметті саясаттанудың салыстырмалы тәсілі арқылы айқындауға болады. Ол түрлі елдердің, өңірлердің, халықтардың дамуындағы негізгі үрдістер мен заңдылықтарды салыстырмалы тұрғысындағы жағдайын сараптауға баса мән беру арқылы, халықаралық саяси тәжірибенің, ұлттық-саяси мәдениеттің өзара бірін-бірі байыту түрлері мен себептерінің жағымды және жағымсыз қырларын аса зор ауқымда айқындауға ықпал етеді.

Қоғамдық-саяси құбылыстар мен процестердің салыстырмалы тәсілі негізінде пайда бола отырып, салыстырмалы саясаттану өзінің даму барысында, қазіргі заманғы қоғамның барынша күрделі мәселелеріне терең бойлап, өзінің әдістемелік негізін кешенді, көп қырлы, жүйелі әрекеті мен саяси жүйені жіктеу тәсілі дәрежесіне дейін кеңейте түсетінін айту ләзім.

Сонымен, саяси зерттеулердің салыстырмалы тәсілінің жетістіктері саяси ғылымдардың қоғамдық маңызын күшейтіп, ХХІ ғасырдағы қоғамдағы оның теориялық және қолданбалы мүмкіншіліктерін кеңейте түсті.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мангейм Дж. и Рич Р. Политология. Методы исследования / Ағылшын тілінен аударылған. - М., 1997. - С. 332.
2. Ашимова З.И. Методология исследования сравнительного анализа: проблемы и суждения // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия социологические и политические науки. - Алматы, 2006, №4. - С. 7-11.
3. Абсаттаров Р.Б. Политические процессы в Республике Казахстан и Республике Кореи: сравнительный анализ // Кореяцы и Центрально-Азиатский регион. - Сеул, 2001, № 1. - С. 38-48;
4. Ашимова З.И. Актуальность проблемы и практическая значимость исследования современных политических процессов в Германии и Республике Казахстан: сравнительно-политологический анализ // Поиск. Серия гуманитарных наук. - Алматы, 2005, №2. – С. 98-101.
5. Абсаттаров Р.Б. Салыстырмалы саясаттану: мәселеге жалпы көзқарас // Абай атындағы Алматы университетінің хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. - Алматы, 2002, №1. - 104-123 б.